

## БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

**Ашық сабақ «Таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу тақырыбына есептер шығару»**ЖАРИЯЛАНДЫ  
18.04.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/55792/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Солтүстік Қазақстан облысы  
Петропавл қаласы  
Сафуан Шәймерденов атындағы  
қалалық классикалық гимназия  
Математика пәні мұғалімі:  
Телекеева Ә.С.

«Таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу тақырыбына есептер шығару»  
б «ә» сынып

Сабақтың тақырыбы: Таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу тақырыбына есептер шығару

Сабақтың мақсаты: Таңбалары әр түрлі рационал сандарды қосу тақырыбынан алған білімдерін бекіту, тиянақтау, жүйелеу.

Күтілетін нәтиже: Өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: Дамыта оқыту, саралап оқыту, сұрақ-жауап, жұппен, жеке жұмыс әдістері.

Сабақтың көрнекілігі: Интерактивті тақта, оқулық, деңгейлік тапсырма

Сабақ әдісі: Сұрақ- жауап, есептер шығару, ізденіс.

Сабақ типі: Білімді бекіту.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу, балаларды түгендеу

«Біле бер қанша білсең-тағы тіле,

Жетерсің мақсатыңа біле, біле.»

(Ж.Баласағұн)

## II. Сабақ тақырыбы мен мақсатын хабарлау

Сәлеметсіздер ме, оқушылар!

Бүгін біз сендермен рационал сандарды қосу тақырыбын жалғастырамыз.

Алдарыңа осы сабақта қандай мақсат қоясыңдар? Бүгінгі сабақта біз сендермен таңбалары әр түрлі рационал сандарды қосу тақырыбынан алған білімімізді бекітіп, әртүрлі есептер шығарғанда қолдана білетінімізді көрсету керек.

### 1. «Қайталау – оқу анасы»

Интерактивті тақтада сандар қатары берілген:

1. Сандарды топтарға бөл. (Эйлер-Венн диаграммасы)
2. Қарама-қарсы сандарды ата.
3. Қай санның модулі үлкен?
4. Екі теріс санның қосындысы қалай табылады?
5. Екі теріс санның қосындысы қандай сан болады?
6. Екі теріс санды қосқандағы қосындының мәні үлкен бе, әлде қосылғыштардың біреуі үлкен бе?
7. Таңбалары әртүрлі сандардың қосындысы қалай табылады?
8. Қарама-қарсы сандардың қосындысы неге тең?

2. «Жүзден жүйрік» Ауызша есепте! (Тақтада берілген есептерді ауызша шығарып, жауабын айтады)

### 3. Оқулықпен жұмыс

№471 (4 оқушы тақтада жұмыс жасайды, қалғандары дәптерде орындайды)

4. Сергіту сәті

«Ойлан тап»

4 сурет 1 сөз «ҮНДІСТАН»

А)  $-5+9=4$ ;

Б)  $-11 + (-3) = -14$

У)  $-10,5 + 20,5 = 10$ ;

А)  $(-8,5) + 3,5 = -5$ ;

Г)  $16 + (-9) = 7$ ;

А)  $-24 + 49 = 25$  ;

Т)  $-10,7 + 30,7 = 20$ ;

М)  $2 + = 3$

Р)  $-19 + 10 = -9$ ;

Х)  $6,9 + (-6,9) = 0$

$$П) (-7,5) + 19,5 = 12$$

4, -14, 10, -5, 25, 20, 3, -9, 0,

Өсу ретімен орналастыр: -14, -9, -5, 0, 3, 4, 7, 10, 12, 20, 25

Б Р А Х М А Г У П Т А

-14 -9 -5 0 3 4 7 10 12 20 25

5. Деңгейлік тапсырмаларды әр оқушы өзінің мүмкіндігі бойынша таңдап, нұсқа бойынша орындайды. (10 мин) нәтижесін интерактивті тақта арқылы бір-бірін тексереді, бағалайды.

Деңгей «А» 4 дұрыс есеп - «3 деген баға»

1. Есепте:  $5,4 + (-3,7) + (-4,2)$

2. Есепте:  $12,8 + (-3,5) + (-7,6)$

3. Өрнектердің мәндерін салыстыр:  $3,87 + (-2,63)$  және  $5,29 + (-3,59)$

4. Өрнектердің мәндерін салыстыр:  $-7,35 + 4,54$  және  $-4,68 + 3,46$

Деңгей «В» 2 дұрыс есеп - «4 деген баға»

1.

2.  $16,25 +$

Деңгей «С» 2 дұрыс есеп - «5 деген баға»

1.

2.  $12,2 +$

Дұрыс жауабы:

Деңгей «А» 4 дұрыс есеп - «3»

1. Есепте:  $5,4 + (-3,7) + (-4,2) = -2,5$

2. Есепте:  $12,8 + (-3,5) + (-7,6) = 1,7$

3. Өрнектердің мәндерін салыстыр:  $3,87 + (-2,63) < 5,29 + (-3,59)$

4. Өрнектердің мәндерін салыстыр:  $-7,35 + 4,54 < -4,68 + 3,46$

Деңгей «В» 2 дұрыс есеп - «4 деген баға»

1.

2.  $16,25 +$

Деңгей «С» 2 дұрыс есеп - «5 деген баға»

1.

2.  $12,2 +$

6. Шығармашылық жұмыс

Қосындының мән неге тең:  $-499 + (-498) + (-497) + \dots + 497 + 498 + 499 + 500?$

Шешуі:

Қарама-қарсы сандардың қосындысы 0-ге тең болғандықтан

$$-499 + (-498) + (-497) + \dots + 497 + 498 + 499 + 500 = 500 + (-499 + 499) + (-498 + 498)$$

$$+ (-497 + 497) + \dots + (-1 + 1) + 0 = 500 + 0 = 500.$$

## 7. Бағамдау-бағалау. Рефлексия

Сабақтың мақсатына қалай қол жеткізгендігің туралы эссе жаз

Сонымен біз бүгін «Таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу » тақырыбын өту барысында жинақтаған білімдерімізді жүйеледік. Бүгінгі сабақтарың үшін көп рахмет!

## 8. Үйге тапсырма №478, №480

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.